

Жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 29 маусымдағы № 265 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 18 шілдеде № 4158 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 5 сәуірдегі № 166 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 05.04.2018 № 166 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2 тармағына және "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 3-бабының 7 тармағына және 6-бабының 2 тармағына сәйкес Сайрам ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Сайрам ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 28 шілдедегі № 302 "Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбелерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 3825 нөмірімен тіркелген, 2016 жылғы 9 қыркүйекте "Мәртөбе" газетінде және 2016 жылғы 18 тамызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Сайрам ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Сайрам ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялануын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуін;

2) осы қаулыны Сайрам ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Шәріпбековке жүктелсін.

Аудан әкімі

С.Сапарбаев

Сайрам ауданы әкімдігінің 2017

жылғы 29 маусымдағы

№ 265 қаулысымен бекітілген

Жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері

№ р/с	Автомобиль жолдардың индексі	Автомобиль жолдардың атауы	Автомобиль жолдардың мекен жайы, шақырым	Жалпы ұзындығы, шақырым
1	KXSR-1	КХ-97"Ақсу-қала қоқыс орны" - Акбай-Жаңатұрмыс-Бескепе-Ынтымак КХ-36	0-8,7	8,7
2	KXSR-2	КХ-3 "Көксәйек-Ақсу"-Ақбастау	0-4,3	4,3
3	KXSR-3	КХ-3 "Қожакорған-Нұржанкорған-ГРС"	0-5,2	5,2
4	KXSR-4	КХ-3 "Көксәйек-Шаян"-КХ-38 Ақсу ауылы	0-3	3
5	KXSR-5	КХ-3 "Қожакорған-Ханкорған-Көлкент" КХ-63	0-8,9	8,9
6	KXSR-6	КХ-37 "Шымкент-Түйетас"-Оймауыт	0-5,3	5,3
7	KXSR-7	КХ-37 "Қасымбек датқа-Тоған-Сарыарық"	0-12,5	12,5
8	KXSR-8	КХ-38 "Ақсуабад-Қарабұлақ" КХ-3	0-4,5	4,5
9	KXSR-9	КХ-3 "Қарабұлақ-Ақсуабад" КХSR-9 аудандық маңызы бар жол	0-2,9	2,9
10	KXSR-10	К Х - 3 8 "Ақсуабад-Шапырашты-Береке-Ынтымак"КХ-36	0-5,5	5,5
11	KXSR-11	КХ-3 "Көксәйек-Шаян"-Аққала-Сарқырама	0-10,6	10,6
12	KXSR-12	КХ-3 "Көксәйек-Шаян"-КХ-40 Манкент ауылы- Сайрам	0-3,1	3,1
13	KXSR-13	КХ-40 "Манкент-Жалалата" КХ-97	0-1,6	1,6
14	KXSR-14	КХ-40 "Манкент -Қалдаман" КХ-97	0-5,2	5,2
15	KXSR-15	КХ-36 "Ақсу-Көмешбулақ"-Құрлық- РЖ	0-3,6	3,6
16	KXSR-16	КХ-97"Ақсу-қала қоқыс орны"-аудандық аурухана-ТЖ Вокзал-КХ-36	0-3,3	3,3
Сайрам ауданының аудандық маңызы бар автомобиль жолдары бойынша барлығы:				88,2

